

ТАРИХ

1. Рим әскерлері герман тайпаларымен соғыста алғашқы үлкен жеңіске қай қолбасшының басшылығымен жетті деп есептелінеді?
А) Гай Марий В) Октавиан Август С) Гай Юлий Цезарь
2. Пруссия мемлекетінің милитаристік рухын жария ету үшін күнделікті өмірде де әскери киіммен жүрген король кім?
А) YI Карл В) II Фридрих С) I Фридрих-Вильгельм
3. Қасиетті Рим империясының императоры I Фридрих Барбаросса қандай әулеттің өкілі болды?
А) Габсбургтер В) Гогенштауфендер С) Каролингтер
4. Қазіргі Германия жерінің түп бейнесі – мемлекеттің шекарасы алғаш рет қандай құжатта көрсетілді?
А) «Алтын булла» В) Верден шарты С) Вормск конкордаты
5. Қасиетті Рим империясының тұңғыш императоры I Оттон 955 жылы жасаған қандай іс-әрекетімен белгілі?
А) Италияға басып кірді В) Германияның королі атанды
С) Венгрлермен соғыста тарихи жеңіске жетті

6. 1710 жылы саксондардың қаласы Мейссенде ашылған Еуропадағы тұңғыш мануфактура не өндірді?
А) Фарфор В) Фейерверк С) Жібек мата
7. 1787 жылы Австрия императоры қабылдаған Қылмыстық кодексте, замандастарын таң қалдырып, қылмыстар қатарынан алынып тасталған қандай жағдай?
А) Бал ашу мен сиқыр жасау
В) Күпия қоғамдардың қатарында болу
С) Әскердегі қызметінен жалтару

8. XIX ғасырдағы немістің көрнекті мемлекеттік қайраткері О.фон Бисмарк қай мемлекетте өлші болды?
А) Испания В) Англия С) Ресей

9. Қасиетті Рим империясының мұрагері – Герман одағы ненің нәтижесінде түбегейлі таратылды?
А) Дат соғысы В) Австрия-пруссия соғысы С) Франк-пруссия соғысы

10. Эльзас пен Лотарингия Германияға қандай соғыстың нәтижесінде қосылды?
А) Бірінші дүниежүзілік соғыс В) 1864 жылғы Дат соғысы
С) 1870-1871 жылғы Франк-пруссия соғысы

11. Физикадан тұңғыш рет Нобель сыйлығын алған ғалым кім?
А) К.Ф.Браун В) В.Вин С) В.К.Рентген

12. Швейцария конфедерациясына алғашқылардың бірі болып қосылған қала.
А) Люцерн В) Берн С) Цюрих

13. ХҮП-ХІХ ғасырлардағы «неміс дуализмі» нелердің қарама-қарсы келуі болды?
А) Солтүстік пен оңтүстік В) Батыс пен шығыс
С) Габсбургтер мен Гогенцоллерндер

14. Аңыз бойынша, аймақта алғаш кездестірген жануардың құрметіне герцог атын қойған қала.
А) Берлин В) Базель С) Берн

15. Соңғы герман императоры II Вильгельм қай әулетке жатты?
А) Гогенштауфендер В) Гогенцоллерндер С) Габсбургтер

ӘДЕБИЕТ

16. Ф.Гауфтың қай ертегісінде патшаның, ханшайымның және сарай қызметкерлерінің мұрындары ұзарып, құлақтары есектің құлағындай болып кетеді?

- А) «Ләйлек-халиф» В) «Тәмпиш мұрын» (Карлик нос) С) «Кішкентай Мук»
17. Қай ертегіде Сиқырлы әлем фарфордан жасалған болады?
А) «Шақпақшы» (Щелкунчик) В) «Мирточка» С) «Руненберг»

18. Кемесі аударылып қалған және күшігінді жеңіп, арыстанды құтқарған қай балладаның кейіпкері?
А) «Линденшмидт» В) «Екі ағайынды жігіт туралы баллада»
С) «Генрих-Арыстан туралы баллада»

19. Су перісінің әйелі болған неміс балладаларының кейіпкері.
А) Лорелея В) Лилофея С) Теңіз сиқыршысы

20. Вильгельм Телль фогттың қандай бұйрығын орындаудан бас тартты?
А) Бұқаларды беру В) Оның қалпағына бас ию
С) Ұлының басына қойылған алманы атып түсіру

21. Э.Т.А.Гофманның ертегісінің желісі бойынша жазылған П.Чайковскийдің балеті.
А) «Шақпақшы» (Щелкунчик) В) «Аққулар көлі» С) «Ұйқыдағы ару»

22. Тышқандар патшасын жеңген соң Шақпақшы (Щелкунчик) Мариға не сыйлады?
А) Қуыршақ В) Бір қорап марципан С) Жеті алтын тәж

23. И.В.Гётенің «Рейнэке-Лис» шығармасында күш пен ақымақтықтың бейнесінде болған жануар.
А) Аю В) Түлкі С) Қасқыр

24. Ағайынды Гриммдердің ертегісінде айтылғандай, атбас бұршақтың ортасындағы қара сызық қайдан келген?
А) Атбас бұршақтарды балалар солай етіп бояп қойған
В) Бағбандар жаңа түрін өсірген
С) Тігінші екі жағын қара жіппен тігіп қойған

25. Немістің балладасындағы Лорелея атты қыз су перісі жартастан қандай өзенге қарап тұрды?
А) Эльба В) Дунай С) Рейн

26. Бальмунг семсерінің иесі болған көне эпостың кейіпкері.
А) Зигфрид В) Лоэнгрин С) Тангейзер

27. В.Гауфтың «Суық жүрек» ертегісінде, шатқалдың түбіне түсуге Петерге көмектесу үшін Михель-Алып ненің биіктігімен бірдей болып үлкейді?
А) Шіркеу мұнарасының В) Ратушаның С) Диірменнің

28. В.Гауфтың ертегісіндегі кейіпкер Петер Мунк неліктен Шыны Адаммен кездеспекші болды?
А) Жұмыс істегенді ұнататын В) Өлең шығара алатын
С) Жексенбі күні туған

29. Дж.Крюстің «Тим Талер, немесе Сатылған күлкі» повесінде өзінің жұқпалы күлкісі үшін Тим қандай лақап атқа ие болды?
А) «Жарылатын» В) «Қатты дауысты» С) «Күлгеш»

30. Бала кезінде шет тілдерін жақсырақ меңгеру үшін, кейіпкерлері ағылшын, француз, лағын, тағы да басқа тілдерде сөйлесетін роман жазған ақын кім?
А) И.В.Гёте В) Э.Т.А.Гофман С) К.Брентано

КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

31. Сәулетші К.Лангханс салған және Берлиннің әйгілі нысандарының біріне айналған ғимарат.
А) Берлин соборы В) Рейхстаг ғимараты С) Бранденбург қақпасы

32. Жинағында миллионнан астам жәдігерлер бар, герман халқының ең ірі мәдениет тарихы мұражайы қай қалада орналасқан?
А) Нюрнберг В) Дрезден С) Мюнхен

33. Қазып алынған құс – археоптерикс деп қандай ғалым-өнертапқыштың құрметіне аталған?
А) В.К.Рентген В) Р.Бош С) В.Сименс

34. Мәскеудегі барон Мюнхгаузенге арналған мұражайда тұрған жәдігер.
А) Бірнеше тортқа арналған бір балауыз шам
В) Үш үлкен емен
С) Дыбыстар алғашында қатып қалатын, сосын барып еритін мүйіз

35. Скрипкада ойнағанды ұнататын, Нобель сыйлығының лауреаты атанған ғалым кім?
А) А.Эйнштейн В) Г.Ом С) Г.Герц

36. ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда Ресей қалаларының маңынан шет жерліктерді қоныстандыру үшін арнайы бөлінген жер қалай аталды?
А) Неміс слободасы В) Австрия слободасы С) Швейцария слободасы

37. Немістер осы жарыс түрінің көмегімен олимпиада алауын Олимпиада ойындарының астанасына жеткізуді ең алғаш ойлап тапқан. Бұл қандай жарыс?
А) Велосипед жарыстары В) Бағдарлау С) Эстафета

38. Габсбургтер әулетінің қамалы қазір қай жерде орналасқан?
А) Германия В) Австрия С) Швейцария

39. Қандай таудың шыңы Германия аумағындағы ең биік нүкте болып табылады?
А) Гросглокнер В) Цугшпитце С) Дюфур

40. Басқару түрі конституциялық монархия болып табылатын неміс тілді ел.
А) Австрия В) Германия С) Лихтенштейн

41. Мюнхендегі Немістің аңшылық пен балық аулау мұражайына кіре берісте сүтқоректі мен балықтың екі қола мүсіні орналасқан. Ол ненің мүсіндері?
А) Бұл мен алабұға В) Аю мен шортан
С) Қабан мен жайын



42. Айналаны тамашалайтын Хаусманнструм мұнарасы, Ағылшын баспалдағы және Саксон княздарының галереясы бар Дрездендегі көне сарай.
А) Пильница сарайы
В) Сарай-резиденция
С) Жапон сарайы



43. Король II Людвигтің жұрт көзінен жасырыну үшін салғызған қамалы.
А) Хоэншвангау В) Берг
С) Нойшванштайн



44. Осы саясаткердің құрметіне XIX-XX ғасырларда әр түрлі елдерде көптеген мұнаралар бой көтерді. Бұл саясаткер кім?
А) I Франц Иосиф
В) К.фон Меттерних
С) О.фон Бисмарк



45. 1880-1884 жылдары әлемдегі ең биік ғимарат деп саналған неміс соборы.
А) Фрайбург соборы
В) Ульм соборы
С) Кёльн соборы



КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ

46. Осы қаланың базар алаңында орнатылған готикалық су бұрқак қырық мүсінмен безендірілген, оның ішінде король Артурдың және император Ұлы Карлдың да мүсіндері бар. Бұл қай қала?

- А) Аусбург
В) Нюрнберг
С) Бамберг

46



47. Иллюстрацияда көрсетіліп отырған Петергофтағы православ шіркеуінің жобасының авторы, неміс сәулетшісі кім?

- А) Л.фон Кленце
В) П.Беренс
С) К.Ф.Шинкель

47



48. Германияда зауыт жұмыскерлерінің еңбегін өз суреттерінде бірінші боп бейнелеген, берілген суреттің авторы кім?

- А) В.фон Каульбах
В) А.Менцель
С) Ф.Ленбах

48



49. Германия тарихы мен мәдениетіндегі көрнекті тұлғаларға арналған Атақ Залы – Вальхалланы салған неміс сәулетшісі кім?

- А) П.Беренс
В) К.Ф.Шинкель
С) Л.фон Кленце

49



50. Марбургтегі Әулие Елизавета шіркеуі қандай стильде салынған сәулет өнері ескерткішіне жатады?

- А) Романдық
В) Готикалық
С) Барокко

50



51. Мына берілген суреттің авторы, барлығы әдемі табиғат көрінісіне құштар деген ұғымды ұстана отыра, негізгі салатын нәрсесін немесе адамын табиғат аясында жиі бейнелеген. Бұл кім?

- А) Ф.О.Рунге
В) К.Ф.Шинкель
С) Ф.В.фон Шадов

51



52. А.Дюрер өзінің туған қаласы Нюрнбергке сыйға тартқан сурет қалай аталады?

- А) «Таспик мерекесі»
В) «Төрт апостол»
С) «Төрт салт атты»

52



53. Бұл сарай кешені сәулетші Б.Нейманның жобасы бойынша салынған, ал ішкі бөлмелерін безендіруге Дж.Тьеполо қатысқан. Бұл қандай сарай?

- А) Шёнбрунн
В) Вюрцбург резиденциясы
С) Хофбург

53



54. Басында жеке меншік ғибадатхана ретінде салынып, кейін тұрғындардың ықпалымен барлық жұрт кіре алатын болған мюнхен шіркеуі.

- А) Әулие Михаил шіркеуі
В) Әулие Ана құдайдың соборы
С) Әулие Иоанн Непомуктың шіркеуі

54



55. Мына беріліп отырған суреттің авторы пейзаждарында, табиғатты пайымдап қарау әсерін күшейте отыра, адамдарды көрермендерге арқасымен беріп бейнелеген. Бұл қандай суретші?

- А) К.Д.Фридрих
В) М.Либерман
С) А.Альтдорфер

55



56. Ең алғашқы автопортретін 13 жасында салған суретші кім?

- А) Кіші Г.Гольбейн
В) А.Дюрер
С) Үлкен Л.Кранах

56



57. Мына берілген суреттің авторы М.Лютермен және оның отбасымен достық қарым-қатынаста болған. Бұл қай суретші?

- А) Кіші Г.Гольбейн
В) А.Дюрер
С) Үлкен Л.Кранах

57



58. Мына берілген туындының авторы 900-ден артық суреттерді өмірге әкелген, олардың ішінде «штудилер» деп аталған жинақ, яғни жануарлар мен өсімдіктердің натуралистік бейнелері салынған суреттер де бар. Бұл қандай суретші?

- А) Үлкен Л.Кранах
В) А.Дюрер
С) Үлкен Г.Гольбейн

58



59. Мына берілген суреттің авторы Эразм Роттердамскиймен таныс болған және оның бірнеше портретін салған. Бұл суретші кім?

- А) А.Дюрер
В) Үлкен Л.Кранах
С) Кіші Г.Гольбейн

59



60. Мына берілген суреттің авторы, Лондондағы Корольдік Көркемсурет академиясының негізін қалаушылардың бірі болған кім?

- А) А.Кауфман
В) Р.Менгс
С) В.фон Каульбах

60



ЗОЛОТОЕ РУНО

5-6 СЫНЫПТАР



РАХ GERMANICA: «НЕМІС БОЛМЫСЫНЫҢ БІРЛІГІ»

15-18 АҚПАН 2013

2013 жылғы «Алтын жабағы» ойын сайысы неміс тілді халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналды. Сайыс тапсырмалары тақырыптық бөліктерге бөлінген 60 сұрақтан тұрады. Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет.

Жауапты таңдау үшін жауаптар бланкінде таңдап алынған нұсқаның тұсына белгі қою қажет. Жауапсыз қалдырылған сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Олар компьютерге салынып өңделетіндігін естен шығармаңыз, сондықтан қандай да бір түзетулер мен жөндеулер ақпаратты бұрмалау болып табылады.

Толтыру үлгілері бланктерде берілген.

Сайыс туралы ақпарат www.runodog.ru сайтында жарияланған. Дұрыс жауаптары 2013 жылдың наурыз айында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!

